Қазақстанда терроризм ешқашан нақты қауіп ретінде қарастырылмай, тек қана ықтимал қауіптер санатына жатқызылып келген болатын. Ұлттық қауіпсіздік жүйесі ұлтаралық қақтығыстардың, есірткінің заңсыз айналымы, экономикалық қауіптер мен сыбайлас жемқорлық сияқты басқа қауіп қатерлердің алдын алуға және оларды болдырмауға көбірек көңіл бөлді. Қазақстанда терроризм мәселесі тек Орталық Азиядағы жалпы жағдай контекстінде ғана талқыланды. Сондықтан Қазақстанда терроризм ең алдымен сыртқы қауіп, яғни сырттан енуі мүмкін қатер ретінде қабылданды. Тиісінше, мемлекеттік шекараны қорғау жүйесін жетілдіру, көші-қон заңнамасын қатандату және т.б. сияқты шараларды қолдану арқылы ғана көрініс тапты [1, 6-б.]

Соған қарамастан, Қазақстанда террористік және экстремистік әрекеттерді анықтау мен жолын кесудің заңнамалық базасын құру және жетілдіру бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері терроризмге қарсы күресте белсенділік танытып, Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) халықаралық қауіпсіздікті күшейту жұмыстарына, әртүрлі бастамаларға қатысуда. Қазақстан халықаралық құқықтың субъектісі және БҰҰ-ң мүшесі ретінде БҰҰ аясында терроризмге қарсы күрес жөніндегі қабылданған әмбебап 20 конвенция мен протоколдарының 17-ін ратификациялап, келісімдерден туындаған халықаралық міндеттемелерді жүзеге асыруда. Бұған қоса, өңірлік деңгейдегі қауіпсіздік арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) Терроризмге Қарсы Аймақтық Құрылымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) Терроризмге Қарсы Орталығы, Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымы, Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық Ұйымы және Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақ өкілдіктерімен белсенді өзара іс-қимыл қамтамасыз етілген.

Қазақстан үшін өңірдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі ерекше маңызға ие, сондықтан да Қазақстан аймақтағы ұйымдармен ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктің күшеюіне және дамуына ерекше мән беруде.

Өңірлік деңгейде Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы аясында терроризм және экстремизммен күрес алаңында бірден бір алға тартар келісім шарттар болып саналатын 2001 жылы 15 маусымда Терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы Шанхай Конвенциясы, 2009 жылы 16 маусымда Терроризмге қарсы ШЫҰ Конвенциясы және 2017 жылы 6 маусымда Экстремизмге қарсы іс-қи-

мыл жөніндегі ШЫҰ Конвенциясы қабылданды. Қазақстан 2002 жылғы 18 сәуірдегі «Терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы Шанхай Конвенциясын ратификациялау туралы» 2011 жылғы 10 қаңтардағы «Терроризмге қарсы ШЫҰ Конвенциясын ратификациялау туралы» ҚР заңдарын қабылдау арқылы аталған шарттардың Қазақстан үшін міндеттілігіне халықаралық тұрғыдан өзінің келісімін білдірді.

Бүгінгі таңда 200-ден астам анықтаманың болуына қарамастан террор, терроризм және халықаралық терроризм анықтамаларына деген көзқарастағы айырмашылық мемлекеттердің терроризммен күресте құқық қорғау органдары және қауіпсіздік қызметтерінің өзара әрекеттестігіне айтарлықтай кедергі келтіріп жатыр. Халықаралық деңгейде ортақ терроризм анықтамасы мәселесіндегі келіспеушілік саяси сипатқа ие болып, құқықтық мәселеден саяси мәселеге айналды деуге болады. Бірақ өңірлік деңгейде, ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің ұмтылысы нәтижесінде басқа халықаралық келісімдер аясында қол жеткізіле алмаған терроризм анықтамасы Терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы Шанхай Конвенциясында көрініс тауып, Терроризмге қарсы ШЫҰ Конвенциясында жан-жақты, егжей-тегжейлі қарастырылған¹.

ШЫҰ-нан басқа ТМД шеңберінде де бірқатар келісімдер қабылданды. Солардың бірі 1995 жылғы 26 мамырда Минск қаласында Азаматтық авиацияны заңсыз араласу актілерінен қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім. Бұған қоса 1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің терроризмге қарсы шарты, 2004 жылғы 4 желтоқсандағы Басқа мемлекеттердің аумағында терроризм актілерін жүзеге асыру мақсатындағы ұйымдар мен тұлғалардың қызметімен күресу туралы моделдік заңы, 2007 жылғы 5 қазанда Душанбеде жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылы туралы шарты ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамаларының дамуына негіз болды. Ал, 2005 жылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің терроризм және экстремизмнің басқа да зорлықшыл көріністерімен күрес Концепциясын қабылдау ТМД-ге қатысушы мемлекеттердің заңнамасының қалыптасуында маңызды кезең болып табылады. Аталған Концепцияда ұйымға қатысушы мемлекеттердің терроризм және экстремизммен күрестегі мақсаттар мен міндеттері, ынтымақтастықтың басты бағыттары

¹ Қараңыз: Конвенциялардың толық мәтіні үшін <http://rus.sectso.org/documents/>

мен негізгі нысаны бекітілген. Қазіргі таңда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің терроризм және экстремизмнің басқа да зорлықшыл көріністерімен күрес Бағдарламасы әрекет етуде. ТМД Терроризмге Қарсы Орталық тарапынан дайындалып, ТМД Мемлекет Басшылары Кеңесімен бекітілген бұл бағдарлама терроризм және экстремизмнің әртүрлі көріністерімен күрес бағытындағы іс-шараларды одан әрі жүргізуге арналған маңызды құжаттардың бірі.

Қазақстандағы жағдайға келетін болсақ, мемлекет аумағында дәйекті түрде бірыңғай мемлекеттік терроризмге қарсы саясат жүргізіліп жатыр. Осы мақсатта кезең-кезеңмен терроризмге қарсы ұлттық заңнама жетілдіріліп, 1999 жылы Терроризмге қарсы күрес туралы, 2005 жылы Экстремизмге қарсы күрес туралы, 2009 жылы Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылы-статуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңдар қабылданды. Бұған қоса ҚР Қылмыстық Кодексте терроризм және экстремизммен байланысты қылмыстарға арнайы баптар қарастырылған. 2003 жылы ҚР Президенті Жарлығымен Терроризмге Қарсы Орталық құрылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында діни экстремизммен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның бекітілгені туралы да атап өткен жөн. Қазақстан өз кезегінде террористік сипаттағы ұйымдардың жұмыстарына қатаң тыйым салды. Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты және Астана қаласы соттарының шешімімен Қазақстан Республикасы аумағында террористік деп танылған және қызметіне тыйым салынған халықаралық ұйымдардың тізімі төменде көрсетілген.

1. Al-Qaida
2. Islamic Party of The Eastern Turkistan;
3. Kurdish people's congress;
4. Islamic Party of Turkistan;
5. Asbath Al-Ansar;
6. Muslim Brotherhood (Al-Ikhwan, Al-Muslimin) Brothers Moslems;
7. Taliban;
8. Boz Gurd (BG);
9. Jamaat of Central Asian Majahideen;
10. Lashkar-I-Taiba; Lashkar-E-Toiba;
11. Social Reforms Society (Jamiyat Al-Islah Al-Ijtimayi);
12. The Eastern Turkistan Liberation Organization;
13. Aum Shinrikyo; «Aleph's»;
14. Islamic Party of Turkistan;
15. Hizb-Ul-Tahrir Al-Islami;

16. «Jund Al-Khilafah», Soldiers of the Caliphate»;
17. «Faith.Knowledge.Life»;
18. Jamiat-E-Tablig (Jama'at E-Tablingh);
19. Religious organization «At-Takfir Wa'al Hijra»;
20. Islamic State
21. Al-Nusra Front or Jabhat al-Nusra;
22. Jemaah Islamiyah
23. People's front
24. People's party Alga
25. Democratic Choice of Kazakhstan
26. Yakyn Inkar²

Тұтастай алғанда, соңғы уақытқа дейін Қазақстанда терроризм қоғамның күн тәртібіне кірмей, жанаспайтын және елес қауіп ретінде қарастырылған болатын. Алайда, 2010 жылындағы жағдайлар (2010 жылғы маусымда Маңғыстау облысындағы ең жоғарғы қауіпсіздік колониясынан діни экстремистік ұйымның мүшелері деп күдіктелген тұтқындардың жаппай және ұйымдасқан түрде қашуы, Солтүстік Кавказда террористік іс-әрекеттерді жасады деген күдікпен Қазақстан азаматтарының Ресейде тұтқындалуы), сонымен қатар 2011 жылдың басындағы оқиғалар (ҚР Ішкі істер министрлігінің «Сұңқар» бөлімшесінің экстремистік топқа қарсы арнайы операциясы, кейбір мәліметтер бойынша діни экстремистік ұйымның мүшесі болған Рахимжан Мақатовтың 17 мамырда Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) Департаменті ғимаратында өзін өзі жаруы, 24 мамырда Астанадағы ҰҚК уақытша ұстау изоляторының жанында автомобиль жарылып, нәтижесінде көлікте екі адамның оқиға орнында қаза табуы, БАҚ хабарларына сәйкес 1 шілдеде Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбаршы ауылы Темір аудандық полиция бөлімшесінің 2 полиция қызметкерлерінің діни экстремистік ұйымдардың мүшелері тарапынан өлтірілуі) қоғамдық дүрбелең тудырып, жағдайдың шиеленісуіне жол ашты. Бұл, өз кезегінде, мемлекет тарапынан уақтылы және сауатты ақпарат берудің нақты жүйесінің жоқтығынан одан әрі күшейген болатын. Сондықтан, бұрын біз үшін алыс және виртуалды болып көрінген терроризм мәселесі бүгінде ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіруде [1, 6-б.].

ҰҚК мәліметінше, бүгінгі таңда Қазақстанның 662 азаматы, оның ішінде 14 әйел діни экстремизммен терроризмге байланысты қылмыс жасағаны үшін жазасын өтеп жатыр. Радикалды исламистік ағымдардың жақтаушылары арасында әйелдер жамағатын құрайтын әйелдер саны артып келеді. Арнайы қызмет өкілдерінің пікірінше әйелдердің ра-

² Терроризм және экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдар тізбесі <https://kfm.gov.kz/ru/the-list-of-organizations-and-individuals-associated-with-current.html>.

дикалдандуына Ислам Мемлекеті (Қазақстанда тыйым салынған ұйым) террор ұйымының және интернеттегі басқа радикалды ағымдардың насихаттары әсер етуде³.

Шын мәнінде, терроризм көріністері Қазақстанда бұрын да болғаны алға тартылуда. Кейбір зерттеушілер Қазақстанда орын алған терроризм мысалы ретінде 1992 жылғы ақпанда Шымкент әуежайында адамдарды кепілге алу оқиғасын қарастырса, басқа зерттеушілер терроризм көрінісі ретінде 2000 жылы Алматыда қарулы экстремистік топ мүшелерін жою туралы оқиғасын алға тартады. Алайда, терроризмнің бұл жергілікті көріністері негізінен қылмыстық сипатта еді [1, 6-б.].

Белгілі саясаттанушы, Терроризмге қарсы орталықтың бұрынғы басшысы Ерлан Карин елдегі терроризмнің дамуының келесі кезеңдерін анықтайды:

1. «Бөтен террористер» (90-лардың соңы – 2000-шы жылдардың басы)
2. «Жалдамалы» (вербовочный) террористер (2000-шы жылдардың басы және ортасы)
3. «Жергілікті немесе өзіміздің террористер» (2005 - 2011 жылдар арасы)
4. 2011-2012 жылдардағы терроризм [2, 5-б.].

2011–2012 жж. аты шулы бірқатар террористік шабуылдар бүкіл елді сарсаңға салған болатын. Сол шабуылдардың ең үлкені Ақтөбе, Атырау, Тараз қалаларында және Алматы облысында болды. Жалпы осы кезеңде Қазақстанда 14 террористік шабуыл жасалып, нәтижесінде 70 адам, соның ішінде 51 террорист, 13 құқық қорғау органдарының өкілі және 6 бейбіт азамат қаза тапты. Жаңа шабуылдар 2016 жылы 5 маусымда Ақтөбеде және 18 шілдеде Алматыда жасалды. 17 адамның өмірін қиған Ақтөбедегі шабуыл тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең үлкен оқиға болды [3, 135-б.].

Қазақстанда фундаменталистік идеологияның таралуының негізгі ошақтары республиканың басқа аймақтарымен салыстырғанда, тарихи себептерге байланысты исламның әсері күштірек оңтүстік және ахуалы күрделі батыс аймақтар болып саналады [3, 136-б.].

Бұның дәлелі ретінде 2016 жылғы 5 маусымда Ақтөбеде және 18 шілдеде Алматыда орын алған оқиғаларды келтіруге болады. Ақтөбе қаласында бір топ содырлар бір күннің ішінде екі қару-жарақ дүкенін тонап, автобусты басып алып, әскери бөлімге қарулы шабуыл жасады. Атыс кезінде 17 адам қаза тапты, 22 адам жаракат алды. Қалада антитер-

рорлық операция режимі енгізілді. Алматыдағы тағы бір шабуылда 26 жастағы Руслан Күлекбаев Алматы облысының аудандық полиция бөлімінің ғимаратына, содан кейін ҰҚК ғимаратына қарулы шабуыл жасады. Шабуыл тоғыз адамның өмірін қиды. Террорист сол күні тұтқындалып, кейін сот шешімімен өлім жазасына кесілді. Бірақ өлім жазасына енгізілген мораторийға⁴ байланысты сот шешімі ауыстырылып, Р.Күлекбаев өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасына кесілгендерге арналған «Қара бүркіт» арнайы режиміндегі колонияға (Қостанай облысы) орналастырылды.

Қазақстаннан тыс жерлерде террористік қауіптің негізгі көздері Сирия мен Ирактағы Қазақстанда тыйым салынған Ислам мемлекетіне қарсы соғыс, Ауғанстандағы тұрақсыз жағдай және Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы аймағынан елдің оңтүстік аймақтарына радикалды элементтердің заңсыз көшуі болып табылады. Бастапқыда экстремистік және террористік ұйымдардың қатарына адамдар негізінен мешіттерден мен жергілікті діни бірлестіктерден тартылған еді. Соңғы уақытта интернет пен әлеуметтік желілердің маңызы арта бастады. Кейбір сарапшылардың пікірінше, қазақстандық террористердің шамамен 80% -ы интернет арқылы тартылған болатын [3, 136-б.].

Сириядағы соғыс Орталық Азия аймағы мемлекеттеріне бұрын-соңды болмаған әсерін тигізді. Сириядағы қақтығыстың алғашқы жылдарында Ислам Мемлекеті, Аль-Каида және олармен байланысты басқа да ұйымдар таратқан насихат бейне жазбаларға Орталық Азиядан шыққан жауынгерлер тартылған болатын. Бүгінде Сирияға кеткен Орта Азиялық жауынгерлердің нақты санын айту айтарлықтай қиындық туғызып отырған бір мәселе. 2013 жылы Орта Азиядан кеткен шетелдік жауынгерлердің саны туралы алғашқы жарияланған мәліметтер бойынша Сириядағы соғыс қимылдарына шамамен 500 өзбек, 360 түрікмен және 200 қырғыз қатысқан. Қазақтар мен ұйғырлардың саны ескере отырып, 2014 жылы олардың жалпы саны шамамен 1500-ден 2000-ға жетті. Сонымен қатар, 2016 жылы Ислам Мемлекеті құрамында өзін-өзі жару ниетіндегі ұйғырлардың саны артқаны туралы мәліметтер де жоқ емес [4, 171-173-б.].

Төмендегі кестеде 2016 жылғы Орталық Азия мемлекеттерінен Сириядағы қарулы қақтығыстарға кеткен азаматтар туралы жалпы мәліметтер берілген (1-кесте) [4, 174-б.].

³ Қараңыз: КНБ РК представил полную версию фильма о женищинах, осужденных за терроризм <https://informburo.kz/novosti/knb-rk-predstavil-polnuyu-versiyu-filma-o-zhenshchinhah-osuzhdyonnyh-za-terrorizm.html>.

⁴ Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 желтоқсандағы N 1251 Жарлығы http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U030001251_

1-кесте

Мемлекеттер	Ашық көздерден алынған мәліметтерге сәйкес (Сирия құрылымдары, экстремистік сайттар)	Арнайы қызмет мәліметтеріне сәйкес	Өлтірілгендер саны	Қайта оралғандар саны	Сирия және Ирактағы әскери қақтығыстарға қатысқаны үшін сотталғандардың саны
Қазақстан	500	200	80	33	33
Өзбекістан	3000-3500	300	9001	-	11
Түркменістан	500	-	2	6	-
Тәжікістан	2000	1000 аса	300	100	16
Қырғызстан	500-600	600 аса	70	40	47

Сонымен қатар, Сирия мен Иракта радикалдар жағындағы қақтығыстарға қатысуға Қазақстан азаматтарының кетуі алаңдатушылық тудыруда. Сириядағы қарулы қақтығыстарға тікелей қатысқан қазақстандықтардың саны туралы мәліметтер де әртүрлі. Мысалы, 2013 жылдың қазан айында Сирияның Бас мүфтиі Ахмад Бадреддин Сириядағы үкімет күштеріне қарсы Қазақстанның 250 азаматы соғысып жатқанын мәлімдеген болатын. Ал, ҚР ҰҚК Антитеррористік Орталық Штабы 2013 жылдың қазан айынды қарулы қақтығыстар алаңында 100-ден астам қазақстандық бар екендігін мәлімдеді [4, 183-б.]. 2014 жылы кеткендердің саны 150-ден асса, 2015 жылы 150 әйел мен 50 бала бар шамамен 400 адамды құрады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мәліметі бойынша 2013-2017 жылдар арасында террористік әрекет аймақтарына кетуге ниеттенген 608 қазақстандықтың жолы кесілген (2013 жылы - 168, 2014 жылы - 136, 2015 жылы - 151, 2016 жылы - 91, 2017 жылы - 62) [3, 136-б.].

Қазақстан өз азаматтарының террористік аймақтарға кетуін қадағалаумен қатар сол жаққа кетіп, бірақ Қазақстанға оралғысы келген азаматтарына да көмек қолын созуда.

Мысалы, өткен жылы ҚР Сыртқы істер министрлігі Консулдық Қызметіне Сирияға кеткен қазақстандықтардың туыстарынан олардың туған жеріне оралуына көмек сұраған 20-дан астам өтініш келіп түскен болатын⁵. Осылайша, 2019 жылдың басында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі бастамасымен және басқа да құзырлы органдардың көмегімен Сириядағы Қазақстан азаматтарын отанына қайтару бойынша «Жусан» атты операциясы жүзеге асырылды.

«Жусан» гуманитарлық операциясы - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған кең ауқымды, үш кезеңде жүзеге асырылған арнайы іс шара. Қабылданған шаралардың нәтижесінде майдан даласынан Қазақстанға 357 бала оралды. «Жусан» операциясының басты мақсаты балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету еді⁶.

Алғашқы операция 5-6 қаңтарда 3 айлық дайындықтан кейін жүзеге асырылып, нәтижесінде 47 адам (30 бала, 11 әйел, 6 еркек) қайтарылды. Бірінші операциядан саны жағынан бес есе үлкен болып саналатын екінші кезең 7-9 мамыр аралығында өткізіліп, Сириядан 231 азамат (156 бала, 59 әйел, 16 еркек) шығарылды⁷. Үшінші кезең 28-31 мамырда іске

⁵ Қараңыз: МИД Казахстана продолжит работу по возврату казахстанцев из Сирии <https://kursiv.kz/news/politika/2019-01/mid-kazakhstan-prodolzhit-rabotu-po-vozvratu-kazakhstancsev-iz-sirii>

⁶ Қараңыз: Заявление К-Ж. Токаева о завершении спецоперации «Жусан» по возвращению казахстанцев из Сирии <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2019-05/tokaev-soobschil-o-zavershenii-specoperacii-zhusan-po-vozvrascheniyu>.

⁷ Қараңыз: Cehennemde birakmadik <http://www.milliyet.com.tr/yazarlar/didem-ozel-tumer/cehennemde-birakmadik-2876258>.

асырылды және 238 Қазақстандық (171 бала және 67 әйел) туған жеріне қайтарылды⁸.

Операция барысында Қазақстанға оралған азаматтарға барлық қажетті (психологиялық, діни, әлеуметтік және материалдық) көмек көрсетіліп, олар арнайы тәжірибе орталығына орналастырылды. Әйелдер отбасыларына оралып, балалардың мектепке баруына мүмкіндік туды. Құжаттары жоғалған немесе болмаған балалардың, тіпті Қазақстаннан тыс жерлерде туған балалардың туу туралы куәліктері ресімделіп дайындалды⁹. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жусан» гуманитарлық операциясының аяқталғанын мәлімдей отырып «Бұл операцияның нәтижелері біздің мемлекетіміздің ең күрделі мәселелерді тиімді шешуге қабілеттілігін көрсетті... Үйлеріне оралған отандастарымыз жаңа өмір бастауға, ал балаларымыз бейбіт аспан астында өмір сүруге мүмкіндік алды. Біз өз азаматтарымыздың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауды одан әрі де жалғастырамыз» деді¹⁰.

«Жусан» операциясының нәтижелері әлем назарынан да тыс қалмады. Терроризммен күрес кезінде адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі БҰҰ Арнайы баяндамашысы Фионнуала Ни Аулейн (Ni Aolain Fionnuala) Қазақстанның Сириядан өз азаматтарын отанына қайтару туралы бастамасын басқа елдерге мысал ретінде келтірді. Ол жұмыс сапарының нәтижелерін қоратындылай келе «Мен, Қазақстан Үкіметінің шақыруымен Қазақстанда 8 күн жұмыс сапармен болдым. Ең алдымен, Қазақстанның Сирияда қалған азаматтарының отанына оралуы туралы гуманитарлық бастамасы өте сәтті жоба екенін атап өткім келеді. Осылайша сіз басқа елдерге қақтығыс аймақтарынан әйелдер мен балаларды қайтаруға болатындығын көрсеттіңіз. Басқа мемлекеттер Қазақстаннан үлгі алуы керек» деді¹¹.

«Жусан-1» операциясы нәтижесінде қайтарылған азаматтардың екеуі сот үкімімен 8 жыл бас бостандығынан айрылды. Террористік әрекеттерге қатысты қалған бес күдіктіге, оның ішінде бір әйелге қатысты тергеу жұмыстары жалғасуда¹².

Белгілі болғандай, 2017 жылы ҚР Қылмыстық Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізілу арқылы терроризм қылмысы үшін ҚР азаматтығынан айыру жазасы енгізіліп, жауапкершілік күшейтілген болатын. Аталған операция нәтижелері бойынша баспасөз конференцияға қатысқан ҚР ҰҚК өкіліне «қайтарылған азаматтар азаматтықтан айрыла ма» деген сұраққа ол «2017 жылы енгізілген терроризм қылмысы үшін азаматтықтан айыру жазасы бүгінгі күнге дейін әлі қолданылған емес. Бұл өте «өткір қару», оны мүмкіндігінше мұқият пайдалану керек» деп жауап берген болатын¹³.

Жоғарыда аталған террористік оқиғалар Қазақстанда әр жылдарда орын алғанына қарамастан, Global Finance журналының мәліметі бойынша, Қазақстан әлемдегі ең қауіпсіз елдердің ішінде 44 орында¹⁴. Сонымен қатар, Экономика және Бейбітшілік Институты ұсынған Жаһандық Терроризм Индексінде¹⁵ Қазақстан 2016 жылы 94 орында, 2017 жылы 67 орында орналасып, 2018 жылы 75-ші орын алды¹⁶.

Экономика және Бейбітшілік Институтының баяндамасына сәйкес 2018 жылы терроризмнен зардап шеккен мемлекеттер тізімі төмендегі кестеде көрсетілген (2-ші кесте)¹⁷.

⁸ Қараңыз: *Итоги третьего этапа вывоза граждан Казахстана из Сирии* <https://ru.sputniknews.kz/society/20190531/10342474/zhusan-171-rebenok-evakuaciya-syria-kazakhstan.html>.

⁹ Қараңыз: *Возвращенные из Сирии казахстанцы проходят реабилитацию* <https://24.kz/ru/news/social/item/320375-vozvraschennyye-iz-sirii-kazakhstansky-prokhodyat-reabilitatsiyu>

¹⁰ Қараңыз: *Проведен заключительный этап операции «Жусан»: из Сирии эвакуирован 171 ребенок* <https://24.kz/ru/news/top-news/item/318768-proveden-zaklyuchitelnyj-etap-operatsii-zhusan-iz-sirii-evakuirovann-171-rebenok>

¹¹ Қараңыз: *Эксперт ООН: Операция «Жусан» - пример для других государств* <https://www.inform.kz/ru/ekspertoon-operaciya-zhusan-primer-dlya-drugih-gosudarstv-a3527593>.

¹² Қараңыз: *Казахстанские спецслужбы раскрыли подробности секретной операции «Жусан-2»* <https://www.caravan.kz/gazeta/kazakhstanskije-specsluzhby-raskryli-podrobnosti-sekretnoj-operacii-zhusan2-540830>.

¹³ Сонда.

¹⁴ Қараңыз: *Казахстан вошел в топ – 50 безопасных стран мира* <https://ism.kz/bezopasnye-strany-mira>.

¹⁵ *Жаһандық терроризм индексі (Global Terrorism Index - GTI)* - бұл әлемнің 162 еліндегі террористік белсенділік деңгейін өлшейтін Сидней Университетінің Экономика және Бейбітшілік Институтының қолдауымен халықаралық сарапшылар тобы жүргізген кешенді зерттеу. Индекс төрт көрсеткіш бойынша есептеледі: бір жылдағы террористік оқиғалардың саны; құрбан болғандардың саны; зардап шеккендердің саны; келтірілген материалдық зиян деңгейі. Қараңыз: <http://economicsandpeace.org/about/faqs/>.

Экономика және Бейбітшілік Институты жариялаған мәліметтерде мемлекеттердің терроризмге ұшырау дәрежесі 10-нан 0-ге дейін есептеледі. Мемлекет ең жоғары «10» деген көрсеткішке жақындаған кезде, олар терроризмнен көбірек зардап шеккенін, ал «0» деген көрсеткішке жеткенде терроризмнен аз зардап шеккенін білдіреді [5, 439-б.].

¹⁶ Қараңыз: *2018 Global Terrorism Index* <http://visionofhumanity.org/app/uploads/2019/01/GTI2018-A3-poster-wall-chart.pdf>.

¹⁷ Сонда.

2-кесте

Кезек	Мемлекет	Индекс
1	Ирак	9,746
2	Афганистан	9,391
3	Нигерия	8,660
4	Сирия	8,315
5	Пакистан	8,181
6	Сомали	8,020
7	Үндістан	7,568
8	Йемен	7,534
9	Мысыр	7,345
10	Филиппин аралдары	7,181
12	Түркия	7,036
20	Америка	6,066
34	Ресей	5,230
75	Қазақстан	2,228
80	Қырғызстан	1,718
132	Өзбекістан	0,038
138	Беларусь, Гвинея-Бисау, Боливия, Бенин, Ботсвана, Коста-Рика, Куба, Эль-Сальвадор, Экваторлық Гвинея, Эритрея, Литва, Мавритания, Маврикий, Монғолия, Намибия, Солтүстік Корея, Оман, Португалия, Румыния, Сингапур, Словения, Эстония, Гамбия, Шығыс Тимур, Того, Түрікменстан	0,000

Экономика және Бейбітшілік Институты баяндамасында терроризмнің жаһандық әсері төмендей бастағанына қарамастан, кейбір мемлекеттерде жағдайдың ушығып бара жатқанын атап өтті. Жоғарыда Кесте 2-ден көріп отырғанымыздай терроризмнен ең көп зардап шеккен 10 ел қатарына Ауғанстан, Ирак, Нигерия, Сомали, Сирия, Пәкістан, Мысыр, Йемен, Филиппин Аралдары және Үндістан кірді. Ауғанстан, Ирак, Нигерия, Сомали мен Сирияда 1000-нан астам өлім, 19 елде 100-ден астам өлім тіркелді. Бұл 10 мемлекет 2017 жылы террор шабуылдары нәтижесінде орын алған барлық өлімдердің 84 пайызын құрады. 2017 жылы терроризмден қайтыс болғандар саны ең көп тіркелген екі мемлекет Сомали мен Мысыр болды. Сомалиде бір ғана шабуылдың өзі 587 адамның өмірін қиды және елдегі терроризмнен қайтыс болғандар

саны 2016 жылдан 2017 жылға дейін 93 пайызға өсті. Мысырда болса бір шабуылда 311 адам қаза тапты¹⁸. Беларусь, Гвинея-Бисау, Боливия, Бенин, Ботсвана, Коста-Рика, Куба, Сальвадор, Экваторлық Гвинея, Эритрея, Литва, Мавритания, Маврикий, Моңғолия, Намибия, Солтүстік Корея, Оман, Португалия, Румыния, Сингапур, Словения, Эсватини Корольдығы, Гамбия, Шығыс Тимор, Того, Түрікменстан сияқты мемлекеттер жалпы 0,000 индексмен 138-ші орында. Осылайша, мемлекеттердің терроризмнен зардап шекпегенін білдіретін соңғы орын (138) 26 ел арасында бөлінгенін кестемізден көруге болады¹⁹.

2016 жылы орын алған террор шабуылдарынан кейін терроризмге және діни экстремизмге қарсы іс-қимыл алаңында Қазақстанның мемлекеттік саясатты қалыптастыру келесі бағыттарда жүзеге асқан болатын:

¹⁸ Қараңыз: 2018 Küresel Terörizm Endeksi'ne göre terörden ölümler yüzde 27 azaldı <http://www.amerikaninsesi.com/a/kuresel-terorizm-endeksine-gore-terorden-olumler-yuzde-27-azaldi/4687495.html>

¹⁹ Қараңыз: 2018 Global Terrorism Index <http://visionofhumanity.org/app/uploads/2019/01/GTI2018-A3-poster-wall-chart.pdf>.

- Қылмыстық кодекске өзгерістер енгізілді. 2017 жылдан бастап терроризм қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілік күшейе түсті;
- Ішкі көші-қон бақылауы күшейтілді;
- Діни бірлестіктердің қызметі ережелерге сәйкес реттеліп, оларға бақылау күшейтілді;
- Терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға қарсы тұру мақсатында қаржылық операциялар бақылауға алынып, күдікті операциялар тоқтатылады;
- Қажылыққа баруға бақылау орнату. Қазақстан азаматтарының экстремистік ұйымдардың шоғырланған жерлеріне кету арналарының бірі бақылаусыз қажылық болғандықтан, біріншіден, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңға қажылық ұғымының анықтамасын енгізу, екіншіден, қажылықты тек тіркелген діни бірлестіктер мен ұйымдар арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын режим орнату жоспарланған;
- Экстремистік идеологияның қарулы күштер мен мемлекеттік органдарға енуіне жол бермеу.
- Қару-жарақ айналымын реттейтін шаралар қатайтылды. 2017 жылдан бастап қызметтік және жеке қаруды өндіретін компанияларға мемлекеттік бақылаудың арнайы тәртібі енгізілді. Құқық қорғау органдары қару-жарақты сақтау және сату орындарының қауіпсіздік ережелеріне сәйкестігін үнемі тексеріп отыруды. Жеке және заңды тұлғалардың қаруды сатып алуы үшін Ішкі істер министрлігінен немесе аймақтық бөлімшелерден рұқсат алуы керек.
- Халық арасында насихаттау жұмыстары жүргізіле бастады. Мемлекет бір жағынан зайырлы қағидаттарды нығайтуға, екінші жағынан деструктивті діни ағымдардың әсерін шектеуге бағытталған дін саласындағы мемлекеттік саясатты насихаттау бойынша кең ауқымды шараларды жүзеге асыруда;

- Білім беру жүйесі діни және зайырлы білім беру жүйелерінің арасындағы алшақтықты жоюға бағытталуда. Медреселердегі оқу жоспарларын біркатар зайырлы пәндермен толықтыру, ал мектептер мен университеттерде кейбір діни пәндерді оқыту жоспарлануда;
- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңға өзгертулер енгізу арқылы мемлекет өз азаматтарына шетелде діни білім алуға заңнамалық түрде тыйым салуды жоспарлап отыр. Мұндай мүмкіндік Қазақстанда тиісті жоғары білім алған азаматтарға ғана қол жетімді болады. Мұндай шектеу екі жағдайда ғана қолданылмайды:

1. Егер білім беру халықаралық келісім-шартқа сәйкес жүргізілсе;

2. Қазақстанда тіркелген діни бірлестіктің Қазақстан аумағында білім беру мекемелері болмаған жағдайда [3, 140-147-б.].

Қорытындылай келе, Қазақстан ішкі терроризммен күресу мәселесімен бепте бет кездескен сәттен бастап, мемлекет аумағында терроризм және діни экстремизмге қарсы күрестің өзіндік үлгісін қалыптастыруда үлкен жұмыстар атқарды [3, 148-б.]. Көріп отырғанымыздай, жоғарыда аталған жұмыстардың негізінде Қазақстандағы террористік қатерлерді алдын алу, оларға жауап қайтару және оны жою жүйесінің кешенді және жанжақты сипаты, үнемі даму үстіндегі құқықтық негізі бұл моделдің артықшылығы деп айтуға болады. Жалпы алғанда, Қазақстанда қолданылып жатқан шаралар терроризм мен экстремизмнен туындаған қауіп қатерге парапар деуге болады. Қазақстанның терроризммен күрес үлгісінің ерекшелігі шетелдік тәжірибені белсенді түрде қолдану болып табылғандықтан, бұл үрдістің Қазақстан шындығына жанасуы әлі де уақытты қажет етеді.

ЛИТЕРАТУРА

1. Карин Е.Т. Терроризм в Казахстане: от виртуального к реальному // Газета Курсив. – 2011. - №27. с. 6
2. Шибутов М., Абрамов В. Терроризм в Казахстане - 2011-2012 годы (Доклад из материалов круглого стола «Security 2013: тренды, риски, сценарии»). - Алматы, 2012. - 50 с.
3. Рыжичкин Н. Казахстанская модель противодействия религиозному экстремизму и терроризму // Россия и новые государства Евразии. - 2018, №1. С. 134-149.
4. Карин Е.Т. Между ИГИЛ и Аль-Каидой: Центральноазиатские боевики в Сирийской войне. – Алматы: Сөз, 2017. - 312 с.
5. Özdemir A., Eser M., Erol H., Küresel Terörizm ve Yoksulluk İlişkisi // Social Science Development Journal. – Vol. 3 (2018). – С. 434-446

REFERENCES

1. Karin E.T. Terrorism v Kazakhstane: ot virtualnogo k realnomu // Gazeta Kursiv. - 2011- №27. s. 6
2. Shibutov M., Abramov V., Terrorism v Kazakhstane -2011-2012 gody. (Doklad iz maretialov kruglogo stola “Security 2013: trendy, riski, stsennarii”). - Almaty, 2012. – 50 s.
3. Rizhichkin N. Kazkhstanskaya model protivodeystviya religioznomu ekstremizmu i terrorizmu // Rossiya i noviye gosudarstva Evrazii. - 2018, №1. S. 134-149.
4. Karin E.T. MezhdugIIGLiAl-Kaidoy: Tsentralnoaziatskiyeboeviki vSiriyskoyvoyne. Almaty: Soz, 2017.-312s.
5. Özdemir A., Eser M., Erol H., Küresel terörizm ve yoksulluk ilişkisi // Social Science Development Journal. – Vol. 3 (2018). – S. 434-446